

«Сейфуллин окулары – 18(2): «XXI ғасыр ғылыми - трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения - 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации». - 2022.- Т.І, Ч.ІІ.- Б. 213-215.

## **АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ БҰЗАУЛАРДАҒЫ ЭЙМЕРИЯЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫ**

*Сахария Л., в.ғ.м.*

*Акижанова Н.Т., а.ш.ғ., магистрі*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.*

Инвазиялық аурулардың ірі қара мал және оның төлінде ең басым кездесетіні эймериоздар болып есептеледі. Табын ішінде инвазияның экстенсивтілік және интенсивтілік көрсеткіштері бойынша ең жоғары дәрежесі 6-8 айлықтан бастап 2-2,5 жасқа дейінгі төлдерде байқалған. Ауру көбінесе гастроэнтеритке шалдықтырып, диареяға ұласатын, малдың сүт өнімділігі мен салмақ қосуын төмендететін субклиникалық немесе латенттік сипаттама байқалады [1].

Эймериозбен залалданғанда, қарқынды өсу үстіндегі төлдердің салмақ қосуы төмендеуіне байланысты елеулі экономиялық зиян келеді. Мәселен, мұндай малдарға маусымдық өңдеу немесе антипаразитарлық препараттар қолданып, осы аурулардан алдын алу шараларын өткізсе, емделмеген малдармен салыстрғанда әр бастан бір жайылым маусымында 20-30 кг қосымша салмақ алынады.

Аталған мәселенің Қазақстанда соның ішінде, оның орталық өңірінде зерттелуі қанағаттанарлықтай емес. Ірі қара малдың эймериозы моноинвазия түрінде біршама зерттелгенімен, ассоциативтік инвазия ретінде қаралып, зерттеулер орындалмаған, Сондай-ақ, Республикада алғашында тың игеру нәтижесінде мал өрісінің күрт тарылуынан бастап соңғы кезде ірі шаруашылықтардың тарап, егістік алқабының және мал санының құлдырап азаюы сияқты көптеген өзгерістер болды. Бұлардың бәрі паразитологиялық жағдайға әсер етіп, эймериялар мен стронгиляттар экологиясында, паразиттер құрамында және олар тудыратын аурулардың жастық – маусымдық ағымында (динамикасында) өзгерістер тудырғандығы сөзсіз [2]. Қазақстандағы 296 ірі қара мал басын тексерген кезде, эймерияны 87-ден анықтады, бұл 32% құрайды. Бұл ретте ол ағзаның резистенттілігі әлсіреген кезде кокцидиотасушылардың саны ұлғаюын анықтады. Мәселен, ауыл табынында кокцидиотасушылар 89% ауруға бейім болса, сау малдар тек 26,4% ғана құрады. Ол бұзаудың эймериозы кезінде қан аралас іш өтумен байқалатындығын атап кетті [3, 4].

Деректер бойынша, Канадада жылына тек кокцидиознан ірі қара мал шығыны 3,8 млн АҚШ долларын құрайды. Сондай-ақ, автордың айтуы

бойынша, Канадада эймериозбен бұзаулардың зақымдану дәрежесі үшінші орында.

Қазіргі таңда жануарлардың эймериозына қарсы күрес экономикалық проблема.

Қазақстанда мал шаруашылығы бұрыннан келе жатқан дәстүрлі және экономикалық жағынан халық үшін тиімді табыс көзі болып саналатын, агрофирмалар, шаруа қожалықтары және фермарлар тұрады.

Өкінішке орай, эймериоз мәселесі ірі қара малда ветеринарлық қызмет көрсету жағынан назардан тыс қалуда. Ауру көбінесе фермаларда тіркелмей, бұзауларда қарапайым диспепсия ретінде белгіленеді.

Зерттеу жұмыстарын С.Сейфуллин атындағы Қазақ Агротехникалық университетінің ветеринарлық медицина кафедрасының Профессор Кадіров зертханасында жүргізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша, 360 сынама алынды.

Бұзаулардың нәжістерін Фюллеборн әдісімен зерттелді. Ооцистерді өлшеу микрометр окулярының көмегімен жүргізілді. Эймерияның түрлері Крылов (1996) анықтақтап кеткендей ооцисталардың морфологиялық ерекшеліктері бойынша анықталды. Таза сынама алу үшін флотациялық-центрифугалық әдіс қолданылды.

Нативтік жағындыны таза заттық шыныға 0,5 г фекалияны жағып, және су мен глицериннің аз мөлшердегі қоспасы бар шыны таяқшамен, мұқият араластырады. Осыдан кейін фекалийдің ірі бөлшектерін пинцетпен немесе препаровальды инемен алып, ал қалған массаны шынымен жауып және микроскопиялайды.

Зерттелінген сынамалардан *E.zuernii* 360 сынаманың 139-нан табылды. Бұл өте кең тараған эймерияның түрі. Ал *E.ellipsoidalis* 50-нен шықты, *E.bovis* ооцисталары алтауынан табылды.

### Кесте

<i>Eimeria spp.</i>	360 сынама	%
<i>E.zuernii</i>	139	38.6
<i>E.ellipsoidalis</i>	50	13.8
<i>E.bovis</i>	6	1.7
Барлығы	195	54.7

Ақмола облысы шаруашылықтарында бұзаулар арасында эймерияның 3 түрі табылды – *E.zuernii* – 38.6%, *E.ellipsoidalis* – 13.8%. *E. bovis* – 1.7%. Ал 360 сынаманың 54.7 % эймерия қоздырушыларымен залданған.

Қорыта келгенде әлі де шаруашылықтарда бұл инвазиялар кездесетінін байқауға болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Virtala A.M.K., Morbidity from nonrespiratory diseases and mortality in dairy heifers during the first three months of life [Text] / Mechor G.D., Grohn Y.T., Erb

- H.N.//Journal of the American Veterinary Medical Association. – 2006. – V. 208. – P. 2043-2046.
2. Kotloff K.L., Nataro J.P., Blackwelder W.C. Burden and aetiology of diarrhoeal disease in infants and young children in developing countries (the Global Enteric Multicenter Study, GEMS): a prospective, case-control study [Text] / *Lancet*, 2013.[DOI:382\(9888\):209-22](https://doi.org/10.1016/S0140-6736(13)62039-8). [pmid:23680352](https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/23680352/)
  3. . Dalloul R. A, Lillehoj H. S., Tamim, N. M Shellem. T. A., and Doerr J.A., “Induction of local protective immunity to *Eimeria acervulina* by a *Lactobacillus*-based probiotic,”[Text] / *Comparative Immunology, Microbiology and Infectious Diseases*, -2005. Vol. 28. -№ 5-6. - P. 351–361.
  4. Сахария Л., Усенбаев А.Е., Жанабаев А.А., Бисенғалиев Р.М. Орталық қазақстандағы мүйізді ірі қара төлінің гастро-интестиналдық паразиттік энтеропатогендермен залалдану деңгейі [Текст] // Жәңгір хан ат. Батыс ҚАТУ Ғылым және білім. - 2020. I бөлім. - № 2-1 (59). –Б. 201-204.